

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «А» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы
I апта (1-5 наурыз 2021 ж.)

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Аманшесеева А.Ж

Тәрбиеші: Жумабекова М.Б

Өтпелі тақырып «Салттар мен фольклор»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	<p>д/к ойын: Геометриялық пішіндерге арналған дидактикалық ойындар Мақсаты: Балаларға біреуі артық немесе кем санды тауып, атауды үйрету.</p>	<p>Дид.к ойын: «Нені қайдан алуға болады?» Мақсаты: Адамға қажетті заттарды тани, талдай білуге, нені қайдан алуға болатынын үйрету, сөздік қорларын байыту.</p>	<p>«Дәл осындай пішінді тап» Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру</p>	<p>«Телевизия» сюжетті-рөлді ойын Мақсаты: теледидар қызметкерлерінің рөлдік әрекеттерін бекіту, олардың еңбектері ұжымдық, жұмыстың сапасы барлық ұжымға байланысты екенін көрсету.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Сықырлы суреттер» Мақсаты: ойынға қызығушылығын арттыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту</p>
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	<p>1. Сауат ашу: Тақырыбы: Қонақ күту – салтымыз. П дыбысы мен әрпі Мақсаты: П дыбысымен таныстыру. «П» дыбысы бар сөз, сөйлем, ойлап табуына назар аудартып, сөздік қорларын дамыту. «П» әрпін таныту; Педагог балалармен «Біз қонақтамыз!» деген тақырыпта әңгіме құрады. Балалар қонаққа бару сендерге ұнай ма? Ендеше бүгін біз өзімізді топқа келген қонақ ретінде сезінейік. Қонақта біз сыпайы, мәдениетті болуымыз керек. Алдымен амандасудан бастайық. Өліппе-дәптермен жұмыс 1-тапсырма Балалар «Үйге қонақ</p>	<p>1. Математика негіздері: 1. Тақырыбы: Мен жол саламын. Фигуралар мен заттардың пішінін атаймын. Мақсаты: Геометриялық фигуралар (шеңбер, сопақ, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) ажыратып, дұрыс атау. Педагог біздің айналамыздағы көп затқа геометриялық пішін тән екені туралы әңгіме тарттады. «Сықырлы дорба» ойыны ұсыналады. Педагог мөлдір емес дорбаға ағаш немесе картоннан жасалған фигураларды (сопақша, текше, цилиндр) салады. Балаларды шақырады, олар алдымен дорбадағы фигураны</p>	<p>1. Тақырыбы: Бауырсақ пен құрт. Б дыбысы мен әрпі Мақсаты: Бб дыбысымен таныстыру. «Б» дыбысы бар сөз, сөйлем, ойлап табуына назар аудартып, сөздік қорларын дамыту. «Б» әрпін баспа түрін таныту; Тәрбиеленушілер өлеңді қимымен, жақсы көңіл күймен 2-3 рет қайталайды. Өсті ақыл, ойларын, Өсті, міне, бойларын. Иіліп сәлем береміз, Өдепті боп өсеміз. Жақсы сөздер айтамыз, Үлкендерді сыйлаймыз. Педагог ортаға наубайшыны шақырады. Наубайшы қолында табаққа салынған нан түрлері мен бауырсағын ала келеді? Педагог: Наубайшы, сен ұннан неше түрлі тәтті тоқаш</p>	<p>1. Құрастыру Тақырыбы: «Киіз үйді қалай безендіреміз» Мақсаты: Материалдармен және құралдармен жұмыс жасау кезінде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау. Шаттық шеңбері: «Жіп шумақтары». Педагог балаларға жіп шумақтарын бір-біріне беру арқылы жақсы тілектер айтуды ұсынады. Сұрақ: Сендер қалай ойлайсыңдар жіптің неге пайдалануға болады. Жіптен әртүрлі заттар жасауға болатынын педагог көрсетіп, түсіндіреді. Педагог киіз үйдің жабдықтарын көрсетіп, Олардың ою-өрнектеріне баса назар аударып, заттарды қалай әшекейлеуге болатынын түсіндіреді. Қазақ халқының салт-дәстүрі жайында әңгімелейді. Педагог тәрбиеленушілердің</p>	<p>1. Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Қайырымдылық деген не?» Мақсаты: қайырымдылық ұғымымен таныстыру Дидактикалық ойын: «Қалай амандасу керек?» Мақсаты: әдептілік ережелеріне баулу Шаттық шеңбері: Дала гүлге оранады, Түрлі түске боянады, Нұрлы көктем келген кезде Табиғат та оянады. -Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетінде Д.Данабековтың «Қайырымды» әңгімесін оқып, мазмұнын толық ашып әңгімелейміз. Әңгімені оқып беру. Сергіту сәті Ұзын мұртты құмырсқа Келе жатты жұмысқа. Алды допты қолына, Қойды допты жолына, Оңға қарады, солға қарады.</p>

келетінін қалай болжауға болады?» сұрағына сурет бойынша жауап береді. Педагог балаларға сұрақ қойып, бөлмеден П дыбысы бар заттарды тапқызады. Балалар сұраққа жауап бере отырып, П дыбысы естілген сөздерді қайталап айтады. Суреттегі заттарды атайды. Екі суретті салыстырады. Екі суреттегі үй ішіндегі заттардың орналасуына мән береді. Сөредегі кітапқа назар аударады. Балалар **кітап** сөзін қайталап айтады. Сөзді буынға бөледі. П дыбысының қай буыннан естіліп тұрғанын табады. Балалар портрет туралы біледі. 2-тапсырма. **Портрет** сөзін буынға бөледі. Дыбыстық талдау жасайды. П дыбысы естілген буынды қайталап, санан анықтайды. **Көрпе** сөзінің мағынасын түсінеді. **Көрпе** сөзін буынға бөліп, дыбыстық талдау жасайды. **Доп** сөзіне дыбыстық талдау жасайды. Балалар П дыбысының дұрыс айтады. П дыбыс кездесетін сөз ойлап айтады. – Қонақ келгенде сенің көңіл күйің қандай болады? Балалар көңіл күйлерін ым-ишарамен көрсетеді. Кейбір балалар ортадағы әртүрлі көңіл күйдегі смайликтерді өз көңіл күйіне қарай таңдап көрсетеді. П – қатаң дауыссыз дыбыс. 3-тапсырма бойынша берілген сөйлемдерді дауыс мәнеріне келтіріп оқиды,

қолмен ұстап немесе көздерін жұмған күйде көреді. Оның атауын айтады. Топтағы балалар көмектеседі. Одан кейін педагог фигураны шығарып, үстелге қояды. **Өзектендіру.** – Фигуралар қалай аталады? Кеспе материал немесе жиынтық полотно пайдаланылады (балалар оларға белгілі фигураларды атайды, педагог нақтылайды және ықтимал қателерді түзетеді). Бүгін біз фигуралар мен заттардың пішіндерін ажыратып, олардың кейбіреуін құрастырып жаттығамыз. Сендер әртүрлі геометриялық фигураларды тауып, оларды атауды үйрендіңдер. – Ал сендер мынандай фигураларды құрай аласыңдар ма? Суреттерге қараңдар, ұл балалар жолдарды салып жатыр. – Олардың пішіні қандай? Әрі қарай педагог 1-тапсырманы орындауды ұсынады, онда қолда бар материалдардан көрсетілген фигураларды құрау керек. Топта тәжірибелік жұмыс ұйымдастырады, балалар санау таяқшаларын, арқандарды, кесектерді, жолақтарды және басқаларын пайдаланады. Фигуралар үстелге қойылғаннан кейін педагог фигуралар

пен дәмді бауырсақтар пісіресің. Сол ұнның қайдан келетінін білесің бе? *Наубайшы:* Жок, менде де осы ұнның қайдан келетінін білмеймін. Мүмкін балалар білер, солардан сұрап көрейікші. Педагог: Сұрасақ сұрайық! Балалар, ұнның неден жасалатынын білесіңдер ме? Балалар өз ойларын айтады. Педагог слайд көрсете отырып, балалардың жауабын толықтырады. **1-тапсырма.** Педагог «Бауырсақ пен құрт» туралы шағын ертегіні оқып береді. «**Нан – қадірлі ас**» деген ұғымды түсінеді. Педагог балалардан ұлттық тағамдар және дәстүрлер туралы сұрайды. Педагог балалар жауабын толықтырады. Балалар «Ас атасы – нан» мақалын естеріне сақтайды. Бауырсақ туралы ертегіні мазмұндайды. **Бауырсақ** сөзін буынға бөледі. Осы сөзді қатыстырып, сөйлем құрайды. **2-тапсырма.** Суреттен Б дыбысы естілетін зат атауларын ата. Сурет бойынша әңгіме құрайды. Балалар суреттегі заттарды атайды. *Бауырсақ, табақ, бота, бұзау* Қазаннан шыққан бу туралы балаларға педагог түсіндіреді. Сол сияқты жаңбыр туралы айтып өтеді. Заттардың атауларының астындағы дыбыстық сызбаға қарап, сөздерді буынға бөліп,

назарын алдын-ала құрастырылған киіз үйге аударады. Осындай киіз үйдің жабдықтарын жасауды ұсынады. Сырмақ, текемет, көрпешелердің ою-өрнектерін жіптермен әшекейлейтіндіктерін айтады. Қазақ халқының тұрмысында қой жүндерінен жасалған жіптер кеңінен пайдаланылған. Олар өте әдемі, ортаны көркем безендіруде тиімді болған. Олар: сырмақ, текемет, тоқылған киімдер т.б. Қайшымен жұмыс істеген кезде қандай ережелерді сақтау қажет екенін есте сақтаймыз. Жасаған жұмыстарын қорытындылап, мадақтау. **2. Апликация** (Сәндік апликация) **Тақырыбы:** «Анамды құттықтаймын» **Мақсаты:** Үлгі қалып/есте сақталған үлгі/затқа қарап жапсыруларды құрастыру, сәйкес түсті, пішінді, заттардың фактурасы мен пропорцияларын таңдау, бөлшектерді жапсыру бірізділігін дұрыс пайдалану **Дидактикалық ойын:** «Артығын тап.» Кім таңертең маған келеді? Анашым. Кім орныңнан тұр деп айтады? Анашым. Кім ботқаны дайындайды? Анашым. Кім кесеге шай құяды? Анашым. Кім менің шашымды өреді? Анашым. Жалғыз өзі үй тазалайды? Анашым. Кім бақшадан гүл тереді? Анашым. Кім менің бетімнен сүйеді? Анашым

Үлкен тау деп ойлады. **Сұрақ-жауап** арқылы әңгімелеу. -Әңгіме не жайлы? -Әуеде не ұшып жүрді? -Сәулет жерден нені көрді? -Ол балалардың орнында сендер болсаңдар, не істер едіңдер? Сурет бойынша оқу іс-әрекетін аяқтау. **2. Музыка** **Тақырыбы:** «Анашым - мақтанышым» **Мақсаты:** Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдерімен толғаныстарын сипаттау **Тыңдау:** «Жан анам». (О.Иелевина, Г.Құрымбаева) **Ән айту.** «Ақ мамам» (М.Күзембаев, Г.Жотаева) **Музыкалық ырғақты қозғалыс:** «Сылдырмақты серуен» (Ж.Тезекбаев) **3. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері** **Тақырыбы:** Қандай шынығу түрлері болады? **Мақсаты:** Денсаулықты нығайту әдістері мен шынықтыру түрлерімен таныстыру. Шаттық шеңберіне тұрып, «Сәлем, досым!» ойынын ойнату. Балалар бір минут ішінде үлгергенінше бірнеше баланың қолын қысып, «Сәлем, досым!» – деп сәлемдесіп шығулары керек. – Әрқайсысымыз

балалар бұл сөздерді қай кезде айтатындарын болжап айтады. Мысалы: *Сау болыңыз!* – қоштасқан кезде айтылады.
Жолыңыз болсын! – жол жүріп бара жатқан адамға айтылатын сөз.
Қош келдіңіз! – келген қонақтарға айтылады.
Жоғары шығыңыз! – келген қонақтарға айтылады.
Төрлетіңіз! – келген қонақтарға, жасы үлкен кісілерге айтылады.
Сергіту сәті.
 Біз қандаймыз, қандаймыз.
 Шұғылалы таңдаймыз
 Күлімдеген күндейміз
 Ренжісуді білмейміз.
 4-тапсырма. Тыйым сөздерді оқып, тәрбиелік мәнін түсіндіреді.
Есікті қатты жаппа.
Табалдырықты баспа.
Босағаны керме.
 Педагог табалдырық пен босағаны көрсетеді.
 Балалар есіктің П әрпіне ұқсайтын бөлігін көрсетеді.
 5-тапсырма. П әрпімен таныс бол. П дыбысы еріннің бір-біріне нық тиіп, артынша кілт ашылуынан жасалатын шұғыл дауыссыз дыбыс.
 М.Әлімбаевтың өлеңін оқып береді.
 Балалар суреттегі үйдің қақпасына назар аударады.
 Педагог қақпаның суретін бастыра көрсетіп П әрпінің баспаша түрімен таныстырады.
 Балалар өз беттерінше П-ға ұқсас заттарды атайды
 П әрпінің баспа түрін екі жолға бастырып жазады.

туралы жұмбақтар оқиды.
 2-тапсырманы орындау ұсынылады.
 3-тапсырма геометриялық фигуралардан мәшиненің суретін салады.
 Педагог фигураларды сабаққа дейін дайындауы тиіс.
 Фигураларды (сопақша, үшбұрыш, шаршы, тікбұрыш) фигуралар реттілігін құрған кезде пайдалануға болады. Екі өлшем бойынша түрлі түсті фигураларды әзірлеп, педагог балалардан фигуралар тізбектерін құрып, осы фигуралардың қасиеттерін атауды сұрайды.
 Қорытындылап, мадақтау.
2. Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: Өмірге келдім
Мақсаты: Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау
Дидактикалық ойын: «Қажетті сөзді тап»
Мақсаты: Тапқырлыққа, ойланып жауап беруге үйрету.
Шаттық шеңбері
 Балалар шеңбер құрып, бір-біріне жылы тілектер тілейді.
 – Айша, әдемі қыз болып өс.
 – Мәди, зерек бала бол.
 – Зейнеп, сыпайы бол.
 – Балалар, сендер салт-дәстүр дегеннің не екенін білесіңдер ме?
 – Салт-дәстүрді білу не үшін керек?
 – Сенің отбасыңда қандай салт-дәстүрді ұстанады?
 – Енді, балалар, назарларыңды тақтаға аударыңдар.

дыбыстық талдау жасайды. Педагог балаларға сұрақ қойып, тапсырманы пысықтайды. Қазан бетінен аспанға ұшып жатқан не?
Бауырсақ, бұзау, бота сөздеріне арналып сызылған төртбұрыштардың ішіне осы сөздерді дыбыстық белгілермен жазып көрсетеді. **Тамақ** сөзіндегі м дыбысының орнына б дыбысын қойып, **табақ** деген сөз шығатынын анықтайды.
3-тапсырма. Осы тапсырманы орындау арқылы бауырсақты неден және қалай пісіретіні туралы мәлімет алады. *Масақ, ұн, нан* сөздеріне дыбыстық талдау жүргізіледі. *Масақ* сөзіне сөздік жұмыс жүргізіледі.
Масақ – астық дақылдарының дәнді басы. Б – ұяң дауыссыз дыбыс.
Сергіту сәті.
 Нан қоқымын шашпаңдар,
 Жерде жатса баспаңдар.
 Теріп алып, қастерлеп,
 Торғайларға тастаңдар.
 Өлеңді қимылмен 2-3 рет қайталап, есте сақтайды.
4-тапсырма. Б әрпімен танысайық. Б дыбысын айтқанда еріннің бір-біріне әуелі нық тиіп, артынша кілт ашылуынан пайда болады. Педагог тақтаға Б әрпінің баспа түрін іліп қояды. Балалар Б әрпіне ұқсас заттарды атайды. Педагог атаған образдарды атайды.
 Ауада Б әрпінің баспа түрін жазады.
5-тапсырма.
 Қай цифр Б-ға ұқсайды?
 Тақтаға 1-ден 6-ға дейінгі цифрларды іліп қояды.

Педагог тапқақтың кім туралы айтылғанын сұрайды? Алда қандай мейрам келе жатыр? Сол мейрамда аналарға не сыйлауға болатынын балалардан сұрайды. Балаларды сабақтың тақырыбына жақындатып, сабақ мақсатын түсіндіреді.
3. Дене шынықтыру
Тақырыбы: Ат жарысы (Ауада)
(негізгі қимылдар)
 Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау
Қимылды ойын: «Шаттық шеңбері»
Мақсаты: тәрбиешінің белгісі бойынша нұсқаулар орындау.
 Шаттық шеңбері
 Үлкенге де «сіз»
 Кішіге де «сіз»
 Бас иеміз құрметпен
 Қонақтарға біз
 Қазақтың ұлттық ойындарының жастарға тигізетін тәрбиелік мәні орасан зор және де дене тәрбиесінің баға жетпес құрамы болып саналады. Ұлттық ойындар тек ойын-сауық қана емес ол спорт, ол өмір сүру үшін маңызы бар үлкен тәрбие жолы, сонымен қоса ұлттық ойындар ерлікті, ептілікті, тапқырлықты, табандылықты тағы басқа мінез ерекшеліктерін қалыптастырады.
 Дене тәрбиесі сабағында ұлттық ойындар бала денесін шынықтырады, рухани жағынан өсіреді, ой-өрісін кеңейтеді.
 Тәрбиеші: Балалар, сендерге сәттілік тілей отырып, жарысымызды бастаймыз.
 Ұлттық ойын «Бәйге»
 Ойын шарты: Әр топтың алдына

досымызға денсаулық тіледік. Ал денсаулықты қалай нығайтуға болады? Балалар денсаулықты сақтау әдістері туралы айтады, талқылайды. Ертеде ұста темір соққанда алдымен қыздырып, сосын бірден суық суға малып алады. Содан кейін қайтадан қыздырып, суытып, солай бірнеше рет жасайтын. Нәтижесінде темірден жасалған зат өте мықты, берік болып шығады. Сол сияқты шынықтыру да организмді ауру мен басқа да сыртқы орта соққысынан қорғау үшін қажет. Ешқашан ауырмай, күшті, дені сау болып өсуі үшін не істеу керек? Организмді шынықтыру керек.
 Шыныққан организм түрлі ауа райының жағдайына төзімді болып, кез келген ауыр күшке төтеп бере алады.
Ауамен шынығу.
 Шынығудың ең қауіпсіз және жеңіл түрі – ауа ваннасы. Ол жылы, салқын немесе суық болуы мүмкін.
 • Ауамен шынығу 16-20 градус температурада ұзақтығы 20-30 минут болуы керек.
 • Ауа ваннасын қабылдау мезгілі – таңертең.
 • Төсектен тұрғанда

2. Музыка

Тақырыбы: «Анашым - мақтанышым»

Мақсаты: Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдерімен толғаныстарын сипаттау **Тыңдау:** «Жан анам».

(О.Иелевина, Г.Құрымбаева)

Ән айту. «Ақ мамам»

(М.Күзембаев, Г.Жотаева)

Музыкалық ырғақты

козғалыс:

«Сылдырмақты серуен»
(Ж.Тезекбаев)

3. Жаратылыстану

Тақырыбы: Дыбыс қайдан шығады?

Мақсаты: дыбыс туралы мәлімет беру. **Дидактикалық ойын:** «Ұшты-ұшты»

Мақсаты: тірі табиғат пен өлі табиғатты ажырата білуге үйрету

Педагог ҰОҚ-ға жағымды көңіл күй тудырып, баулиды. Мына сұлу әлемде,

Адам өмір сүреді.

Үлкен менен кішіге,

Күн сәулесін төгеді.

– Күнге қол бұлғайық!

Үнтаспадан судың сылдырын,
құстың дауысын, мәшиненің гүрілін,
адамның т.б. дауыстарын тыңдату.

– Бұлар не?

– Дыбыс.

– **Дыбыс дегеніміз не?**

Сәби өмірге келгенде салтымыз бойынша ата-анасы той жасайды. Той *шілдехана* деп аталады. Сәбиге есім қойылады. Шілдеханада көп қонақтар жиналады, олар балаға өзінің тілектерін білдіреді, ойын-сауық өткізеді. Осылайша баланың алғашқы қадамы басталады.

1-тапсырма. Суретте қандай салт-дәстүр бейнеленген? Ол туралы не білесің? Балаларға арналған тағы қандай дәстүрлер бар?

Ойын: «Жақсы тілек».

Шарты: Шеңбердің ортасында тұрған бала: «Сәбиге қандай тілек тілеуге болады?» - деп сұрайды да, допты лақтырады. Екінші бала жауап қайтарып, допты кері лақтырады.

– Өмірі ұзақ болсын!

– Дені сау болсын! т.б.

Сергіту сәті:

Кел, балалар, тұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық,

Шаңырақты көтеріп,

Керегені құрайық.

Уықтарша иіліп,

Қазақ үйді құрайық.

2-тапсырма. Баланың жасына қарай суреттерді сәйкестендір. Нәрестенің суреті мен бесікті; бір жастағы бала мен ала жіп және қайшыны; 5-6 жастағы бала мен ер-тоқымды атты сәйкестендіреді.

Балалар тура және кері санайды. 5-тен кейін қандай цифр тұратынын табады.

Тақтадағы үзік сызықпен берілген 6 цифрын балалар бастырып салады. 6-тапсырма. Педагог балаларға таяқшалар беріп, 6 әрпін жасауды көрсетеді. Балалар қайталайды. Ермексизден педагог Г және о әрпілерін бейнелейді. Енді осы әріптердің көмегімен Б әрпін құрастырады. Балалар берілген ермексизден педагогтің көрсетуімен Б әрпін жасайды. Жазу дәптеріне Б әрпінің баспа түрін жазады. Алдымен ауада жазып көрсетеді.

2. Дене шынықтыру

Тақырыбы: Туған өлке.

(негізгі қимылдар)

Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау
«Өз орныңды тап!» ойын жаттығуы
Мақсаты: сапта тұруға үйрету.

Сапқа тұрғызу. Амандасу.

Сабактың барысымен таныстыру.

Оңға бұрылу 3 – 5

Бір сызықтың бойымен тұру.

Тыныштық сақтау.

Мұқият тыңдау.

2 Жүгіру жаттығулары.

Жүріс, спорттық жүріс, жүгіріс, тізені көтеріп жүгіру, аяқты артқа серпе жүгіру.

Оң және сол жақ бүйірмен секіру.

Спорттық жүгіру, жүріс

3-4 м қашықтықта межелер белгіленді.

Екі топтың балалары (арақашықтығы 2м) сап түзеп тұрады. Бұл ойында жұптасып жарысады. Әр топқа бір ат, бір қамшы байланады. Белгі бойынша әр топтан бір баладан атқа қонады да жарысады. Балалар аттың шабысына салып шабуы тиіс.

4.В.К. Логика әлемі.

Тақырыбы:

7 саны мен цифры.

Мақсаты:

7 санымен және цифрымен таныстыру. 7 санының ұғымын түсіндіру. 7 саны туралы ойындар.

киінбей тұрып ертеңгілік жаттығуды жасау барысында, тазалық шаралары кезінде қабылдауға болады.

Жалаңаяқ жүру.

Жалаңаяқ жүру де организмді шынықтырады. Жалаңаяқ жүруді жаз мезгілінде бастау керек. Әсіресе тегіс емес тастардың үстімен, ыстық құмда жүру жалпақтабандылыққа қарсы, табандағы нүктелерге арналған массаж болып табылады. Жердің бүкіл денеңе қуат беріп тұратын өз күші бар.

Күнмен шынығу.

Күнделікті таза ауада серуендеу қажет. Жаз мезгілінде күн ваннасын таңғы уақытта өзен жағасында қабылдауға болады. Дұрыс қыздырыну уақыты сағат 10-нан 12-ге дейін. Аш қарында және тамақтан кейін бірден қыздырынуға болмайды. Балаларды әңгімелетіп, қорытындылау .

4.В.К Ойнаймыз, ойлаймыз.

Тақырыбы:

Теңге, монеталар

Мақсаты:

Балаларға теңге, монета жайында алғашқы түсініктер беру.

Балалар тұжырымдама жасайды.

Әліппе-дәптермен жұмыс.
 Әліппе-дәптердегі дыбыс туралы суреттерге көңіл бөлу.
 Балалардың алдына мәселе қою:
 – Дыбыс қайдан шығады?
 Музыкалық аспаптармен тәжірибе жасау:
 – Музыкалық аспаптармен тәжірибе жасау. Аспаптардан дыбыс шығару.
 – Не естідік? (Дыбыс)
 – Балалардың бәрінде бірдей дыбыс шықты ма? (Әртүрлі)
 Педагогтің хабарламасы:
 – Музыкалық аспаптарды тартқан кезде дірілдеді де, содан дыбыс пайда болды. Тамағымызға қолымызды қойып, дыбыс шығарып көріп, адамның дауысы қалай шығатынын тәжірибе жасап бақылау. Алуан түрлі дыбыстар шығарады. Топтарға бөліп, дыбысқа байланысты сұрақтарды талдау ұсынылады.

Әліппе-дәптермен жұмыс
 1-тапсырма. Дыбыс шығаратын табиғат құбылыстарын белгілейді.
 2-тапсырма. Табиғат құбылыстарын сипаттайды.
 3-тапсырма. Шешуі: дыбыс. Адам дыбыс шығара ма?
 – Адам сөйлейді.
 – Ән айтады.

3-тапсырма. Жұмбақ шешейік.
 Әкесі баласын көтереді,
 Баласы бөркін көтереді.
(Кереге, уық, шаңырақ)
 Төрт бұрышты, бір ауызды.
(Сандық)
 Қорытынды жасау, балаларды марапаттайды.

3. Сурет салу
Тақырыбы: Домбыраның үні (сюжетті)
Мақсаты: Түрлі сызықтарды (түзу, қисық, зигзаг, ирек, т.б.) пайдаланып, қарапайым заттар мен күрделі емес сұлбаларды салу
Дидактикалық ойын: «Не өзгерді?»
Мақсаты: есте сақтау қабілетін дамыту
Оң көңіл күй қалыптастыру
 Педагог балаларға көздерін жұмып, музыканы тыңдауды ұсынады. «Өздеріңді жайлауда жүргендей елестетіндер, айналада шөп көктеп келеді, қашықта қарлы тау шындары көрінеді, бұлттар секілді аппақ қойлар тыныштықта жайылып жүр, күн астында жарқырап жатқан жылға ақырын сылдырлап ағады (үзіліс). Жайлап көзімізді ашамыз. Бір-бірімізге жымия қарап, шығармашылыққа кірісейік.
 Педагог өлең оқиды:
 Ұзын мойын, екі ішек,
 Қатар-қатар тепкішек.
 Басып көрсен бір-бірлеп,
 Үн шығады күмбірлеп.
 Педагог балаларға бүгін қонақ – ақын келгенін хабарлайды.

Жүріс... 3 – 5 Сапты бұзбау .
 Дұрыс жасау.
 Бірқалыпты жаттығуды өз деңгейінде орындау.
 3 Жүру жаттығулары
 Орта қалыпта отырып жүру.
 Аяғымыздың басымен жүру.
 Өкшесімен жүру.
 Аяқтың ұшымен жүру, сыртымен жүру. 3 – 5
 Жаттығуды өз деңгейінде жасау.
 Денемізді тік ұстау.
 Басымызды тік ұстау. .
 Аяқтың арасы ашық, қол белде.
 1,4 Басынды айналдыр, келесі жаққа.
 Б.Қ. Қолымызды қайшылау.
 Б.Қ. Белімізді айналдыру.
 Тіземізді кеудеге жеткізу. 3 – 5
 Жаттығуды өз деңгейінде жасау.
 Қолымызды бүкпеу.
 Тіземізді бүкпеу.
 Тізенді кеудеге жеткізу.
 5 Негізгі бөлім
 Оқушыларды сапқа тұрғызу.
 Оқушылар, бүгін біз, секіртпемен жасалатын жаттығу түрлерімен танысамыз. Секіртпемен жасалатын жаттығулардың пайдасы өте зор. Жалпы, дене шымыр, сау болуы үшін керемет жаттығулардың бірі - секіру жаттығулары. Ол жүректі жаттықтырып, ағзаның жалпы саулығын қамтамасыз етеді.
 «Секіру»- сөзі ағылшын тілінде -«Скиппинг» деп аталады.
 Секіру жаттығулары аяқтың ұшымен жасалады.
 Қауіпсіздік ережесімен таныстыру.
 Сыныпты топқа бөлу,

Сергіту жаттығуын өткізу.
 Орнымыздан тұрайық,
 Құстай қанат қағайық.
 Бір отырып, бір тұрып,
 Біз тынығып алайық.

Ойын:
 Суреттерді көрсетіп алған білімдерін пысықтау мақсатында сұрақтар қою.

4.В к Ұлттық ойындар.

Тақырыбы:

«Теңге алу»

Мақсаты:

Жылдамдықты,
белсенділікті,
шапшандықты,
тапқырлықты,
ұйымшылдықты
калыптастыру.

Балалар ақынның кім екенін біле ме?

Ақын – домбырада ойнап, ән айтатын адам. Ол қолайсыз жағдайға ұшырады, оның сүйікті домбырасы жоғалып кетті. Педагог балалардан қалай көмектесуге болатынын сұрайды. Балалар домбыра салуды ұсынады. **Әліппе-альбомдағы материалмен жұмыс.**

Педагог әліппе-альбомдағы тапсырмаларды орындап, қазақ ұлттық аспаптарын табуды ұсынады. Оларды атайды.

Проблемалық сұрақ:

домбыра үнін қандай түске бояр едің?

Педагог балаларға «Домбыра» қазақ ұлттық аспабы туралы презентация көрсетеді.

Артынан балалар нені еске сақтағандарын әңгімелеуді сұрайды. Балалармен бірге қорытынды жасайды:

Домбыра

– 2000 жылдан астам уақыт бұрын пайда болған ішекті музыкалық аспап. Оны қолдан жасаған.

Екі ішегі ғана болады. Қазақ халқының өміріндегі ешбір маңызды оқиға домбыраның әсем әуенінсіз өтпейді. **Сергіту сәті**

Балалар түрлі қарқындағы домбыра әуеніне қарай білезіктерін қозғалтады.

Музыка қарқынымен домбырада ойнауға ұқсатады.

4. Орыс тілі:

Тема: Мои дедушка и бабушка

Цель: Произносить и различать звуки в словах и фразах. Находить

жаттығу жасату.

Секіртпемен орындалатын жаттығулар:

- Аяқты ауыстыра тұра секіру.
- Жартылай отыра секіру.

3 Көркем әдебиет:

Тақырыбы: Автобуста

Мақсаты: Отбасы туралы түсініктерін

кеңейту, отбасындғы өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту

Амансың ба, Алтын күн!

Амансың ба, Көк асан!

Амансың ба, Жер-ана!

Амансың ба, достарым,

Сендерді көрсем қуанам!

Балалар сендер балабақшаға немен келесіңдер?

-автобуспен, машинамен.

-Балалар, біз әдепті

баламыз. Үлкенді сыйлай

білеміз солай емес пе ия?

Естеріңе түсіріңдерші,

автобуска кіргеннен кейін

өздеріңді қалай ұстау керек

(сұрақтар қою): -Автобуска

кірген кезде орын таңдап

жүру керек пе? -Көлік

қозғалысы кезде есігін қолмен

итеруге бола ма? -Көлікте

қатты сөйлеуге бола ма?

-Ал автобуска қарт адам кірсе

не істеу керек? Дұрыс

айтасыңдар, балалар.

- **Сергіту сәті:**

Дөңгелене тұрамыз,

Керегені құрамыз.

Уықтар боп иіліп,

Шаңыраққа киіліп,

Мақал-мәтелдер. (Әдептілік туралы)

1.Әдептілік белгісі - иіліп сәлем бергені.

2.Әдепті бала - арлы бала,

информацию в картинках, иллюстрациях и соотно- сить их.

Организационный момент.

Стихотворение.

Очень бабушку мою –
Маму мамину люблю.
У нее морщинок много
И на лбу седая прядь.
Так и хочется
потрогать,
А потом поцеловать.

Работа в азбуке-тетради.

Задание №1.

Расскажи о своих бабушке и дедушке. Кого мы называем бабушкой?

Правильно, это мама вашей мамы и мама вашего папы. Вы часто видите своих бабушек?

Если вы живете отдельно, то, пожалуйста, почаще навещай- те своих бабушек. Они будут очень рады.

Послушайте стихотворение про маленького внука.

«Посылка» О. Аскар

Что-то бабушка не едет,
Не порадует письмом.
Надо б к ней поехать летом...

А пока давайте, дети,
Ей посылку соберем.

Мы пошлем ей к самовару

Чай индийский и конфет.

Курагу, изюм вложили
К чаю бабушке родной.

әдепсіз бала – сорлы бала.

3.Әдепсіз бала

Ауыздықтан атпен тең

Ақылды қария

Жазып қойған хатпен тең.

4.Әдептің не екенін

Әдепсіз адамды көргенде
ұғарсың.

5.Аға әдепті болса,- іні әдепті

Апа әдепті болса, - сіңлі әдепті.

-Ия.

-Әдепті ,тәртіпті.Үлкенді сыйлау

Жок, кез келген бос орынға отыру керек.

Итеруге болмайды.

Жок, ақырын сөйлеу керек?

Қорытындылап,мадақтау.

4. Мүсіндеу:

Тақырыбы: Анама қызғалдақ сыйлаймын

Мақсаты: Затқа қарап және елестету арқылы,

ермексаздың, сазбалшықтың және басқа да

материалдардың бүтін

бөліктерін соза отырып, таныс заттарды, түрлі пішінде мүсіндеу.

Қазақстан – біліп ал

Қызғалдақтың отаны.

Қызғалдақтан шықты ғой,

Біздің елдің атағы.

– Бұл өлеңде не туралы айтылған?Қызғалдақ –

дала гүлі. Сен далада

өсетін тағы қандай

гүлдерді білесің?

Ертеде әйелдер далада

өсетін гүлдерді жинап,

түрлі аурулардан

емдейтін дәрілер

қайнатқан. Шөптен

Прибежал тут самый младший – Губы, щеки в манной каше. Заглянул сынишка в ящик И сердито говорит: Разгребайте эту кучу – Место нужно для меня, Потому что самый лучший Для нее подарок – я!

Задание №2. Игра «Посмотри и скажи, что любит делать бабушка».

Расскажите о своей бабушке. Как ее зовут, какой у нее характер, чем она любит заниматься, что вы любите вместе с ней делать? Как вы ее любите? А кто же еще очень любит внуков?

Задание №3. Игра «Посмотри и скажи, что любит делать дедушка».

А какой у вас дедушка? Чем вы вместе с ним любите заниматься? Вам интересно трудиться вместе с дедушкой? А что еще может делать дедушка?

Динамическая пауза «Молоточки».

Диалог внуков.

Послушай, о чем говорят Серик и Асель.

Задание №4.

Продолжи ряд.

жасалған сусындар адам жанын тыныштандырса, раушангүл мен бал, бақ-бақ қосып қайнатылған тосаптың пайдасы өте зор деп есептелген. балаларды аналарын алда келе жатқан 8 Наурыз мерекесімен құттықтауға шақырады. Ол үшін балақайлар өз қолдарымен ермексизден «қызғалдақ» гүлін жасап, аналарына сыйлауы керек.

Педагог:

- Сендер аналар мерекесі жайлы не білесіңдер?
- Бұдан басқа тағы қандай мейрамдар бар?
- 8 Наурыз мерекесінің басқа мейрамдардан айырмашылығы қандай?

Педагог: Анаң – сенің әлемдегі ең жақын, ең жанашыр адамың.

Әліппе-альбоммен жұмыс.

1. Гүлдің сабағы мен жапырақтары – жасыл түсті.
2. Гүлдің ортасы – сары немесе ақ түсті.
3. Гүлдің күлтелері – қызғылт, қызыл немесе көк түсті.

Қорытындылап, мадақтау.

<p>Алақай ойын! Сюжетті рөлдік , қимылдық және дидактикалық ойындар</p>	<p>Қ/О: «Бағдаршам». Мақсаты: бағдаршам маңызы туралы білімдерін бекіту - ептіліктерін дамыту. Жаттығу ойындары Қозғалыстарын дамыту. Мақсаты: затты қашықтыққа лақтыру дағдыларын дамыту</p>	<p>Д/О Шығыршыққа түсір». Мақсаты: Белгі бойынша әрекет ету дағдысын жаттықтыру; Затты көздеген нысанаға түсіруге жаттықтыру.</p>	<p>Жаттығу ойындары: Қозғалыстарын дамыту. Мақсаты: Затты көлденең бағытта лақтыру тәсілін меңгерту; Көз өлшемін, қозғалыс координатын, ептіліктерін дамыту.</p>	<p>Сюжетті-рөлдік ойын: «Театр» Мақсаты: балаларды театр әлемімен таныстыру. Ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту</p>	<p>Дид.к ойын: «Нені қайдан алуға болады?» Мақсаты: Адамға қажетті заттарды тани, талдай білуге, нені қайдан алуға болатынын үйрету, сөздік қорларын байыту.</p>
<p>« Табиғатпен біргеміз» Серуенге дайындық Серуен, табиғатты бақылау, таныстыру. Ойындар еңбек</p>	<p>Серуен 1 Маусымдық өзгерістерді бақылау Мақсаты: — Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру; — айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету</p>	<p>Серуен № 2 Қайың ағашын бақылау Мақсаты: қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту.</p>	<p>Серуен № 3 Бұршақты бақылау Мақсаты: — «Бұршақ» түсінігімен таныстыру; — Табиғатта неге бұршақ жауатыны туралы түсінік беру; — есте сақтаулары мен зейіндерін белсендіру.</p>	<p>Серуен №4 Итті бақылау Мақсаты: жануарлардың көктемгі өмірі туралы түсініктерін жүйелендіру; жануарлар тіршілігіндегі өзгерістер себебін іздей білуге үйрету, өздерінің үйіндегі жануарларына деген жауапкершілік сезімдерін дамыту.</p>	<p>Серуен № 5 Бұлттарды бақылау Мақсаты: әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру</p>
<p>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</p>	<p>үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды;</p>	<p>заттардың салмағын алақанына салып өлшеп, олардың тең және тең еместігін анықтай алады.</p>	<p>гүлдер, көкөністер, жемістерді шынайы бейнесінен және елестетуі бойынша суреттерін салады.</p>	<p>геометриялық элементтерден өрнек құрастырады, заттарды қазақ өрнектерімен безендіреді.</p>	<p>жақсы мен жаман әрекеттерді ажырата алады.</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Балаларының оқу іс-әрекетіне көңіл бөлу.</p>	<p>Өлең, такпақтар жаттау.</p>	<p>Өткен әріптерді қайталау.</p>	<p>Ата-анамен сөйлесу. Наурыз туралы айту. Балалардың тәртібін айту.</p>	<p>Балаларының оқу іс-әрекетіне көңіл бөлу.</p>